

С ЛИЧНОЙ ПОЧТЫ
ПРЕДСЕДАТЕЛЯ АГЕНТСТВА РК
ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ
КОРРУПЦИИ
ШПЕКБАЕВА А.Ж.

От кого:

Мольдир Кайрлиева <kayrlieva.m@gmail.com>

Қазақстан Республикасы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің
Төрағасы
А.Ж. Шпекбаев мырзаға

Құрметті Алик Жатқамбайұлы!

Мен, Атырау қаласының тұрғыны Қайырлиева Мөлдір осы қала манындағы ауылдық жердің тұрғынымын. Өзіміздің дүниеден өткен ата-анамыздан мұрагерлікпен қалған тұрғын үйімізге тиесілі жер участкесін заңдастыру жөніндегі мәселемен үш жылдан бері қала әкімдігімен, оған қарасты тиісті мемлекеттік органдарға барып жүргенімізге үш жылдан астам уақыт өткен болатын. Алайда бірде-бір орган бұл мәселенің дұрыс шешімін таппады. Үйімізге тиесілі заңды жер участкесін сатып алуларын керек дегенде тұжырымдар, немесе кейбіреулері өздерінің құзіретіне жатпайтындығы туралы жауаппен шектеліп келді. Содан бұл мәселе бойынша мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Атырау облысы бойынша департаменті басшысы Нығметжан Мұхамеджан Сапаров мырзаның қабылдауында болып, жағдайымды түсіндірдім. Ол кісінің ықпал етуінің нәтижесінде көптеген 4 жылға жуық жылдардан бері шешімін таппай, қиналып жүрген менің мәселем 2 күннің ішінде өзінің нақты шешімін тауып, біздің жан-ұямызбен тұрып жатырған тұрғын үйімізге тиесілі жер участкесінің құжаттары жер кадастры органымен жасақталып берілді. Бұл арада, еліміздің мен сияқты қарапайым азаматына қиналып жүрген мәселеге заңды тұрғыда ықпал жасаудың арқасында шешімін тапқаны біз үшін үлкен қуаныш болды. Өйткені, қаншама жылдан бері құжаттарымыздың тиісті органдармен дұрысталмағаны себебінен жан-ұя жағдайымызды дұрыстауға, әл-ауқатымызды жақсартуға да, үйіміз апатты жағдайда болсада, тиісті мемлекеттік көмек алуға да мүмкіншілігіміздің шектелуіне мәжбүр болдық.

Осы хат арқылы, Сізге бағынышты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Нығметжан Мұхамеджан Сапаров мырзаға жан-ұямызбен туыстарымыздың атынан біздің жағдайымызға жанашырлық пен мейірімділік танытып, өзінің қызметіне тікелей қатысы болмасада қабылдау барысында түсінушілікпен қарап, жан қиналтатын мәселені шешуде жасаған жақсылығына ризашылығымызды білдіре отырып,

еліміздің сіздердей азаматтары көп болсын дей отырып, сіздерге мықты ден-
саулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге сәттілік тілеймін.
Ізгі тілекпен Атырау қаласының тұрғыны Мөлдір Қайырлиева
20 тамыз 2019ж.